



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ  
ФАКУЛЬТЕТІ  
ФАКУЛЬТЕТТІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІ  
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ



# «ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА – 25 ДӘРІС»

ғылыми-әдістемелік семинар материалдарының жинағы

2016 жылдың 16–25 қарашасы

Алматы 2016



ӨОЖ 378:8/0/81  
КБЖ 74.58:81.2Каз  
Қ18

Баспаға Филология және әлем тілдері факультетінің  
Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған

**Редакция алқасы:**

Салқынбай Анар Бекмырзақұлы – Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, ф.ғ.д.  
Ақымбек Съезд Шардарбекұлы – Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к.  
Иманқұлова Салтанат Меркібайқызы – Филология және әлем тілдері факультеті Әдістемелік кеңесінің төрағасы, ф.ғ.к.  
Аширова Анар Тишибайқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

**Жинақты құрастырушылар:**

Ақымбек Съезд Шардарбекұлы – Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к.  
Егізбаева Назыкен Жаненқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

«Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығына – 25 дәріс»: ғылыми-әдістемелік семинар материалдарының жинағы (2016 жылдың 16–25 қарашасы). – Алматы: Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016. –163 бет.

ISBN 978-601-278-863-1

ӨОЖ 378:8/0/81  
КБЖ 74.58:81.2Каз

ISBN 978-601-278-863-1

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

## МАЗМҰНЫ

Алғысөз.....	5
--------------	---

### I. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ ДАМУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

<i>Сағындықұлы Б.</i> Түбіртек теориясының кейбір мәселелері.....	7
<i>Сағындықұлы Б.</i> Ежелгі дәуірлердегі протезалық, эпентезалық, эпитезалық дауыссыздар .....	29
<i>Сағындықұлы Б.</i> Орта ғасыр ескерткіштерінде жіктеу есімдіктерінің қолданылу ерекшеліктері.....	37
<i>Сағындықұлы Б.</i> Атау септік формасынан тәуелдік жалғауының пайда болуы .....	42
<i>Құлжанова Б.Р.</i> Көп мағыналықтың пайда болу тәсілдері.....	51

### II. ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ: БІР ҒАСЫР, САН ТАҒДЫР

<i>Салқынбай А.Б.</i> О. Бөкей шығармаларындағы тілдік білік .....	58
<i>Әміров Ә.Ж.</i> Терминдердің жасалу тәсілдері.....	64
<i>Anessova U.</i> Symbol as a multi-notional conventional sign.....	69
<i>Исхан Б.Ж., Шыныбекова А.К.</i> Өліпбиіміздің дыбыстық құрамы мен емле ең басты мәселе .....	72
<i>Шыныбекова А.К.</i> Терминжасам және латын графикасы жөнінде.....	78

### III. ТІЛДІК БӘСЕКЕДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

<i>Абдрахманова Ж.Ә.</i> Көптілділік – бәсекеге қабілеттіліктің белгісі.....	86
<i>Аширова А.Т.</i> Арнайы мақсатта қолданылатын тіл мәселесі.....	89
<i>Егізбаева Н.Ж.</i> Үштұғырлы тіл жағдайында қазақ тілін оқыту мәселелері ...	95
<i>Күркебаев К.Қ.</i> Қазақстан жоғары оқу орындарында көптілді оқытудың қажеттілігі.....	99

### IV. ҚАЗАҚ ТІЛІН КӘСІБИ ДЕҢГЕЙДЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛелЕРІ

<i>Салқынбай А.Б.</i> Қазақ тілін жаңаша оқытудың қажеттілігі.....	104
<i>Жұсанбаева С.Б.</i> Сабақта бекіту мен қайталауды ұйымдастыру.....	111
<i>Иманқұлова С. М., Егізбаева Н. Ж.</i> Жоғары оқу орындарында кәсіби қазақ тілін оқыту мәселелері .....	115
<i>Иманқұлова С.М.</i> Тілді үйретудегі заманауи технологиялар .....	119
<i>Рамазанова Ш.Ә.</i> Көмекші сөздерді оқытудағы ерекшеліктер.....	125
<i>Шыныбекова А.К.</i> Мамандыққа қатысты мәтіндерді бейімдеп оқыту әдістері .....	129

<i>Шыныбекова А.К.</i> Заң саласы терминдерінің жасалу ерекшеліктері және кәсіби сөздер .....	132
<i>Ақымбек С.Ш.</i> Орфоэпиялық нормалардың негізгі принциптері .....	136
<i>Ақымбек С.Ш.</i> Ауызекі сөйлеу тіліндегі интонацияның ерекшелігі .....	141
<i>Ақымбек С.Ш.</i> Өлең сөздің орфоэпиялық және интонациялық құрылымы .....	148
<i>Ақымбек С.Ш.</i> Көркем әдебиетті мәнерлеп оқудың суперсегментті тәсілдері .....	155
<i>Тасымов А.</i> Қазақ тілінің лексика-семантикалық сипаты .....	161
<i>Әлімтаева Л.Т.</i> Тілдік талдау үлгілері .....	162
<i>Әлімтаева Л.Т.</i> Сөйлем семантикасын талдау парадигмасы .....	171

## СӨЙЛЕМ СЕМАНТИКАСЫН ТАЛДАУ ПАРАДИГМАСЫ

Қазақ тіл білімі кафедрасының  
доценті Л. Әлімтаева

Жай сөйлемді семантикалық талдаудың ғылыми – теориялық және практикалық маңызын түсіну үшін тілдік жүйенің басты элементінің бірі – сөйлемнің зерттеу аспектісін анықтап алуымыз керек.

Сөйлем – күрделі құбылыс. Ол ХІХ ғасырдың І жартысында-ақ синтаксистің негізгі ұғымы болып қалыптасты. Алғашқыда, сөйлемге сөздермен берілген ой деген анықтама берілді. Қысқасы, грамматикалық және логикалық категориялардың арасына тепе-теңдік қойылды.

ХІХ ғасырдың 60-жылдарында психология ғылымы дами бастады. Сөйтіп, психологтар сөйлемге айтушының санасындағы белгілі бір түсініктерді байланыстыратын психикалық акт деген анықтама берді. Сондықтан да болар, И.А.Сизонова: «Сөйлем» ұғымының күрделі де қайшылықты құбылыс екендігін тіл білімінде 300-ден астам анықтамасы бар екендігі-ақ дәлелдейді».

Сөйлемнің күрделі сипатын жан – жақты зерделеу үшін түрлі аспектілерде қарастыру қажет. Орыс тіл білімінің өкілі В.Г. Адмони сөйлеу тізбегінің көп тарамдылығы, сөйлемдегі грамматикалық құбылыстардың көп салалығы, сөйлем құрылысының сан алуандылығы деген идеялар негізінде сөйлемнің төмендегідей 7 аспектісін көрсетті: 1) логика-грамматикалық; 2) модальды; 3) сөйлемнің толымдылығы; 4) сөйлеудегі сөйлемнің рөлі; 5) сөйлеушінің танымдық ұстанымы; 6) сөйлемнің коммуникативті міндеті (хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерге жіктеу); 7) эмоционалдылық [1, 6]; Бұл аспектілердің әрқайсысы сөйлемнің маңызды жақтарын сипаттайды. Мәселен, *логикалық – грамматикалық* талдауда сөйлемнің морфологиялық форма компоненттері мен жалпы грамматикалық мағынасы айқындалса, сөйлемнің *модальдық аспектісін* зерттеу «сөйлемді ұйымдастыратын синтаксистік – мәндік» қатынастардың шындықтағы түрлі формалары мен олардың айқындығын тілге тиек етеді [1, 232-237]. Сөйлемді талдаудың *үшінші аспектісі* сөйлемдегі белгілі компоненттің түсіріліп айтылуының себептерін, контекст пен ситуациялық сөйлемге әсерін анықтайды. Сөйлемді талдаудың *төртінші аспектісі* сөйлемді басыңқы мен бағыныңқы бөліктерге бөледі. *Бесінші аспектідегі* сөйлеушінің танымдық ұстанымы сөйлемді актуалды талдауға апарды. *Алтыншы аспект* сөйлеушінің коммуникациялық міндеттеріне сай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен информация интонациясына қарай хабарлы, сұраулы, лепті деп жіктейді. Соңғы аспект сөйлемнің *эмоционалдық* дәрежесін белгілейді. Қорытындысында В. Г. Адмони сөйлемді жоғарыдағы барлық аспектілерде зерттеу маңызды, ал оларды бір немесе аз ғана аспектіге біріктіріп талдауға қарсы екендігін айтады. Сөйлемнің зерттеу аспектілері жайында өзіндік пікір ұстанған В.И.Кодухов сөйлемнің негізгі екі аспектісін нұсқайды. Ол: «Егер аспект дегенді онтологиялық тұрғыда, яғни тілдік бірліктердің ең негізгі белгілерін бөліп

алатын болсақ, онда коммуникативтік және құрылымдық деген негізгі екі типін бөліп алу керек. Ал, тілдік бірліктердің басқа белгілері осы негізгі белгілердің айналасына топтастырылады» дейді [1, 33-35].

Француз ғалымы Л.Теньер сөйлем аспектілерін 1) құрылымдық; 2) тізбектік; 3) категориялық; 4)функционалдық деген 4 түрге бөледі. Ал, келесі бір орыс лингвисті И. П. Распопов сөйлемнің 1) конструктивті – синтаксистік; 2) коммуникативтік – синтаксистік деген 2 аспектісін көрсете отырып, алғашқы аспект сөйлемнің конструктивті базасын сипаттайды, яғни белгілі бір типтегі сөйлемнің синтаксистік конструкция саласын негізге алады; 2) екінші коммуникативтік – синтаксистік аспект сөйлемді хабарлық мәні бар коммуникативтік бірлік ретінде сипаттайды [2].

И.П.Сусов [2, 61], В.Г.Адмони «аспект» ұғымын негізінен, көмекші, критерийлер жүйесін құруда қолданылатын әрбір сөйлемге түбегейлі типологиялық сипаттама деп түсінеді дей келіп, өзі аспект деп сөйлемнің тұтас құрылымының белгілі бір дәрежедегі өзіндік сипаты бар бөлшегін тану қажет дейді. Ол аспектінің ең басты 2 типін: 1) формалық аспектілер; 2) семантикалық аспектілер деп бөледі. Формалық аспектілерді: 1) синтаксистік құрылым; 2) конструктивті – синтаксистік; 3) компонентті; 4) юнкциондық; 5) тізбектік – синтаксистік; 6) лексикалық құрам; 7) коммуникативтік – морфологиялық құрамдар; 8) интонациялық жабдықталу аспектісі деп 8-ге бөледі. Ал семантикалық аспектілерді 12 түрге жіктейді. Олар: 1) ситуацияның құрылымының аспектісі; 2) реляциялық аспект; 3) предикаттық аспект; 4) номинативті аспект; 5) хабардың бөлшегі аспектісі; 6) модальдық аспект; 7) жоққа шығару – мақұлдау аспектісі; 8) персоналды аспект; 9) уақыттық аспект; 10) мақсаттық аспект; 11) актуалды талдау аспектісі; 12) экспрессивті – эмоционалды аспект. Қарашай, балқар тілдерінің маманы И. Х. Ахматов [2, 13 б.]. И.П.Сусов ұсынған аспектілер жүйесін шектен тыс бөлшектеніп кеткен, сөйлемнің формалық және семантикалық құрылысын зерттеген ғалымдардың сөйлемнің негізгі белгілері ретінде анықтаған критерийлерді қайталайтынын ескерте келіп, И.П.Сусовтың басқа ғалымдардан ерекшелігі сөйлемнің мән-мағынасы реляциялық, предикаттық, модификациялық деген 3 кезеңнен құралады, әрбір кезеңде сөйлемнің семантикалық құрылымы жаңа мән-мағыналық информациямен толығады және нақтыланады, содан кейін барып ой жарыққа шығады [2, 131 б.] деген тұжырымы дейді.

И.П.Сусовтың сөйлемге семантикалық анализ жасауда қолданылатын зертеу аспектілерінің ішінде қазақ тіл білімінің синтаксистік тілдік бірліктерін, оның ішінде жай сөйлемді семантикалық талдауда өте тиімді аспектісі болып предикаттылық саналады.

Түркі тіл біліміндегі предикаттылықты теориялық жақтан зертеу объектісі еткен алғашқы зерртеуші – Р.Г.Сибәғатов болып саналады. Ол предикаттылықты сөйлемнің бас мүшелері арасындағы қатынасты білдіруші категория деп атайды. Ғалым предикаттылықтың әлі толық шешілмегендігін баса көрсетеді. Осыған мысал ретінде бір құрамды сөйлемдердегі предикаттылық көрінісін ғылыми негіздеудің дәлелді шешілмеуін келтіреді.

Бұл туралы ол былай деп айтады: «Возникает своеобразная теоретическая альтернатива: или предикативное отношение характеризует только двусоставные, расчленяемые предложения и остается не выраженным в односоставных, нерасчленяемых предложениях, или проблема предикативности по отношению к этим последним предложениям нуждается в особом решении». Ғалым бір құрамды сөйлемдер В.В.Виноградовтың пікіріне сай түркі тіл білімінде де предикатты деп танылды дейді. Яғни, В.В.Виноградовтың «Бір құрамды сөйлемнің нақтылығы, ерекзәрулігі (актуальность) модальдық конституент грамматикалық категориялар (рай, шак, жак) арқылы ғана іске асады» деген пікірі негізге алынатынын айтады.

Айта кететін жайт, екі негізді жай сөйлемдер әр стильде де жиі кездеседі, ал бір негізді жай сөйлемдер қай стильде де сирек кездеседі. Кейбір ғалымдар жай сөйлемдердің осылай бөлінуіне мән бермеген. Ә.Нұрханова өзінің «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» атты еңбегінде жалпы түркі халықтарында, көбінесе, жай сөйлемдер екі тұрлаулы мүшелі және бір тұрлаусыз мүшелі болып келетінін көрсетеді. Сонымен бірге, сөйлемді «бір бас мүшелі», «екі бас мүшелі» деу тіл білімінде топтастыру концепциясы деп аталады. Бұл концепция ғылымда А.А.Шахматовтың атымен тікелей байланысты.

Жай сөйлемді синтаксистік тұрғыдан арнайы зерттеумен шұғылданған ғалым М.Балақаев қазақ тіліндегі жай сөйлем құрылысын сол уақыттағы тіл ғылымы жеткен жетістіктерге сай сипаттайды. Сөйлем ойды білдіруге арналған бастауыш пен баяндауыштың арасындағы предикативтік қатынас негізінде құрылатынын айтады. Ғалым сөйлемнің басты белгілері ретінде біршама аяқталған ой, модальдылық, сөздерден және сөз тіркестерінен құрылуы және *предикаттық қатынасты* көрсетеді. Сондай-ақ бұларға интонацияны да қосады.

Қазақ тіл біліміндегі жай сөйлем синтаксисін зерттеуге үлес қосқан Қ.Есенов, Н.Демесінова, Ә.Нұрмаханова сынды ғалымдардың бәрі де сөйлемнің құрылуындағы басты қызмет *предикативтік қатынаста* деп біледі.

Жай сөйлем синтаксисінің белгілі маманы Р.Әмір сөйлемді құрайтын белгілерге *предикаттық қатынас, модальдылық, жақтылық* секілді категорияларды жатқызады [2, 51 б.]. Ал, Қ.Жұбанов өзінің «Жай сөйлемнің семантикалық құрылымы» атты мақаласында былай дейді: «Коммуникативті мағына сөйлемнің дербестігі арқылы жүзеге асады. Бұл дербестік арнайы белгілердің жүйесі негізінде көрінеді. Олар тілдік нормаларды тұтынатын қоғамның барлық мүшелеріне ортақ болып келеді. Олар барлық тілде өзара ұқсас, белгілі бір жүйеге түскен күйде болады. Предикаттың синтаксистік мәндері предикативті категорияларға жатады да, олардың жиынтығы предикативтілік категориясын құрайды. Олар жай сөйлемнің семантикасын құрап, ақиқат болмысты шақтық, модальдік жағынан сипаттап, коммуникацияға қатысушыларға қатысын көрсетеді».

Құдайберген Жұбановтың сөзімен айтқанда, предикат дегеніміз «латынның предикат сөзі орысша – сказуемое, қазақша – баяндауыш». Ол өзінен-өзі «ерекше интонация, координациялық грамматикалық байланыс арқылы субъектіні айқындап, белгілерін нақтылап тұрады». Осылайша, сөйлемде субъект пен предикаттың қатынасы *предикативтілік* деп аталады.

**Предикат** (лат. *Predicatum* – баяндау) — пікір түрінде қасиет пен ерекшеліктерді білдіретін пікір баяндауышы. Предикат белгілі бір нәрседе әлдебір қасиеттің (белгінің) барын не жоғын бейнелейді. Мысалы, «Қасқыр – жыртқыш аң» деген пайымда предикат «жыртқыш аң» сөздерімен айтылып тұр.

Предикат заттарға (субъектіге) ерекшелік пен қасиеттердің тән немесе тән емес екенін белгілейді. Предикат пікірдің субъективті предикаттық құрылымыны, қарапайым категориялық силлогизмнің қажетті және негізгі бөлігі болып табылады. Кең мағынасында предикат деп не ақиқат, не жалған мәніне не болатын логикалық пропозиционалдық функцияны атайды [2, 56 б.].

Осы тұрғыдан алғанда, предикативтік қатынастың ең қарапайым түрі «бастауыш+баяндауыш» формуласына тең екені белгілі. Мұны Рақыш Ә. былай түсіндіреді: «Сөйлем өзіне тән семантикаға ие. Ол білдіретін семантика бірнеше компоненттерден құралады. Бірінші компоненті – абстрактылы логикалық – грамматикалық мағына. Жай сөйлемдердің әр грамматикалық түрі белгілі бір абстрактылық-грамматикалық мағынаны білдіреді. Бастауышы зат есім – баяндауышы етістік болып құрылған сөйлем субъект ретіндегі зат және оның қимыл ретіндегі предикативтік сапасының қатынасын хабарлайды: *Сз+Рқимыл*» [2, 55 б.].

Жай сөйлемді абстрактылық – грамматикалық мағына тұрғысынан қарау – логикалық категория қалыптасқан кезеңнен бастау алғанын аңғару қиын емес. Бұл туралы: «Сөйлем болмыстағы заттардың түрлі – түрлі қатынастарын білдіреді. Бұл қатынастар топталып, абстракцияланып, белгілі логикалық заңдылықтарға, фигураларға түсіп, ойда бекітіледі» дейді Адмони В.Г. [2, 102 б.]. Қазақ тілінде логикалық негіз өз сапасына қарай сөйлемнің белгілі-белгілі грамматикалық типтеріне сыйысып орныққан.

Қазақ тіліндегі сөйлемдерді логикалық-грамматикалық сипаты жағынан мынадай топтарға бөлуге болады [2, 60-6].

1. Іс несі зат пен қимыл-әрекеттің өзара қатынасын білдіретін сөйлемдер. Бұл сөйлемдерде бастауыш ретінде зат есім сөз жұмсалып, баяндауышы өздік, өзіндік етіс формалы етістіктен болады. Мысалы: Ерген де ыңғайсызданды. Басқа сөз аузына түспей таңданды (Б. Нұржекеев). Мұнда бірінші және екінші сөйлемдерде берілген қимыл-әрекеттің іс несіне қатынасы өздік етістің –ын, –ін жұрнақтары арқылы берілген: *ыңғайсызданды; таңданды; –ын, –ін жұрнақтары амалдың шарпуы я нәтижесі оны жасаушы субъектінің өзіне тиетінін білдіретіндей мән жамаған.*

2. Зат пен оның қимыл-күйін хабарлайтын сөйлемдер. Бұл сөйлемдердің бастауышы зат есім сөзден болып, баяндауышы ретінде ырықсыз етіс

формалы етістік сөз қатысады. *Онсыз да мені бар деп білмеген өткір қоңыр көз жайлап жабылды. Төре шегір көзімен сығырайта жылмиып орнынан көтерілді. Тасының өзі қасиетті сондай қоныстан құылды. Батыр барымташыға айналды. Әлдекім ескі тоқымынан кесіп әкелген алақанжадай құрым отқа тосылды. Жолбарыстың өгізге шапқаны анықталысымен-ақ қарауыл жиде түбіне апарылды. Аяқ астындағы тиянағы гайып болған жолбарыс терең құз түбіне құлдырай жызылған. Кенже шөнжік оп-оңай гана тұтылды. Қырат жасыл мақпал жамылды (М. Мағауин).* Мұнда берілген сөйлемдерде зат пен оның қимыл күйін білдіріп тұрған негізгі амал – ырықсыз етіс жұрнақтары. –ыл, –іл, –л жұрнақтары баяндауышты жасай отырып, өздігінен істелетіндей мән жамайды, үстейді, бірақ ол формадан амалды кім істегені, яғни субъектісі көрінбейді де, көбінесе логикалық объекті есебінде қызмет етеді.

3. Субъект зат пен оның заттық сапасының қатынасын білдіретін сөйлемдер. Бұл топтағы сөйлемдердің бастауышы да, баяндауышы да зат есімнен болады. *Б. Нұржекеев – жазушы. Айсары – болыс. Үмбетей – қажы. Әнші жігіт – осы. Әдеби шығармашылық адам – өмірдегі адамның өзі емес, бейнесі. (Б. Нұржекеев). Ол – аң, сен – адамсың. Ең жақын туыс – нағашы. Өйткені патшалық – тырнақ пен тісте. (М. Мағауин).* Бұл сөйлемдерде логикалық объект тікелей заттық сапаға негізделген объектке немесе субъекттің субъектке қатынасына тең. Мұнда айқындық мәні баяндауыштың зат есімге айналуы арқылы көрінген.

4. Субъект зат пен оның сындық, сандық сапасының, күйінің қатынасын білдіретін сөйлемдер. Бұл топқа жататын сөйлемдердің бастауышы зат есім, баяндауышы сын есім, сан есім, немесе бар, жоқ деген сөздерден болады. *Ғұмыры айаға баспаған алыс түкпір. Аудитория тып-тыныш (Б.Нұржекеев). Бұл – міндетті шаруаң. Бұл – жан төзбес қорлық. Бұл – басқа жолбарыс. Алдыңғысы – мана жолбарыс атынан аударған бозбала. Қол дірілсіз. Дем салқын. Жылқы – жалды, жігіт – жоталы заман. Меңсұлу – кіші әйелден туған кенже қыз екен.* Берілген сөйлемдерде субъект зат бастауыш болса, оның сындық, сандық күйінің қатынасы баяндауыш. *Дем салқын, ғұмыры айаға баспаған алыс түкпір және аудитория тып-тыныш* деген сөйлемдерде баяндауыш қызметін атқарып тұрған сөз сапалық сын есімнен жасалған. Ал, *жылқы – жалды, жігіт – жоталы* деген сөйлемдерде баяндауыш туынды сын есімнен жасалса, *бұл – міндетті шаруаң; бұл – жан төзбес қорлық; бұл – басқа жолбарыс* дегенде бастауыш сілтеу есімдігі болса, баяндауыш орнында жұмсалып тұрған зат есім күрделі синтаксистік жасалым ретінде объекттің күйін білдіріп тұр.

5. Қимыл – іс пен логикалық субъект – заттың қатынасын білдіретін сөйлемдер. Бұл топтағы сөйлемдерде бастауыш ретінде тұйық рай етістік, есімше жұмсалады да, баяндауыш ретінде зат есім сөз қатысады. *Өлген – Шақанның өзі. Сол айбынды арыстанды қазақ жерінен айдап тастаған – осы жолбарыс екен. Ажалға бас байлаған жанкешті қимылға нәр берген – өшпенділік еді (М. Мағауин).* Берілген сөйлемдерде амал мен логикалық

субъект бірінші іске асады да, объект пікірдің екінші бөлігінде айқындалады. Сөйлемде бастауыш болып тұрған амал есімше тұлғалы сөз. Ал, баяндауыш объект мағынаны беретін зат есім сөз табынан жасалған.

6. Қимыл – іс пен оның сынының, объектісінің қатынасын білдіретін сөйлемдер. Бұл топтағы сөйлемдердің бастауышы есімше, баяндауышы сын есім, зат есім, есімдік сөздерден болады. Баяндауыш ретінде жұмсалған есім, есімдік сөздер қимыл атауларының объектісін білдіреді. *Кішкентай балаларды осында қалдырған жөн. Айтатыны бозаң қыр. Шашын алдырған жақсы.* Мұнда сөйлемдер синтаксистік қатынасқа түскен, мазмұны жағынан амалдың объектісін, сынын аңғартып тұр. Формасы жағынан бірінші, екінші және үшінші сөйлемдерде бастауыш есімше жұрнағынан жасалса, баяндауыштар зат есімнен не сын есімнен болған. Бастауыш тұлғасындағы есімше сөйлемде негізінен анықтауыш қызметін атқарғандықтан, бұл сөйлемдердегі логикалық мағынасы сындық болып келеді.

7. Қимыл іс пен оның себебінің қатынасын білдіретін сөйлемдер. Бұл топтағы сөйлемдердің бастауышы есімше сөз болады да, баяндауышы ретінде шығыс септіктегі зат есім, атау тұлғалы есімше жұмсалады. *Көтере тұрғаны – денесіне зақым келмеген. Жалғыздық – жарлылықта* [М.Мағауин]. Берілген бірінші сөйлемде бастауыш есімше жұрнағы арқылы жасалса, баяндауыштың негізгі тұлғасы да есімшеден. Мұнда баяндауыш күрделі етістік түрінде берілген. Өйткені, сөйлемнің негізгі ұйтқысы синтаксистік қатынасқа түскенде, «зақым келмеген» сөзі бірлікте қарала отырып біртұтас мағынаны берген. Бұған қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің көмегімен анықтық кіргізіп өтелік: «Зақым 1. Жара, жарақат. 2. Зиян, зардап, залал. Зақым болды – жаралы болды, жарақаттанды. Зақым келтірді [тигізді] – мертіктірді, жаралады. Зақым қылды [етті, жасады] – жаралады, жарақаттады» [2, 339 б.]. Демек, сөйлемде берілген күрделі баяндауыш синтагмалық қатынас негізінде бүтіндікке ие болып тұр. Ал, екінші сөйлемде предикат пен объектінің қатынасы есім сөз формалы. Яғни, бастауыш та, баяндауыш та есімнен. Мұнда амалдың себебі пікірдің екінші бөлігінде беріледі. Қимыл – әрекеттің себебі баяндауыш қызметін атқарып тұрған туынды сын есімге жатыс септігінің –та жалғауы жалғануы арқылы көрінеді. Егер, сөйлемді толық конструкция түрінде бейнелесек, онда Сөйлем былай өрнектеледі: *Жалғыздықтың себебі жарлылық.* Сонда, –та жалғауы сөйлемді ықшамдап қана қоймай, «себебі» сөзінің мәнін үстей отырып, оның функциясын өзгертеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Адмони В. Г. Аспекты предложения и система типов предложения // Теоретические проблемы синтаксиса современных индоевропейских языков: Тез. докл., – Ленинград, 1975.

2. Сусов И. П. Формальные и систематические аспекты предложения // Теоретические проблемы синтаксиса современных индоевропейских языков: –Л., 1975.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2010. – 608 б
4. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. -199 б.